

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 235 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 мамырда № 4764 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2022 жылғы 4 наурыздағы № 104 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 04.03.2022 № 104 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Он бірінші сессия

төрағасы, аудандық

мәслихаттың хатшысы

Е. Аманжолов

КЕЛІСІЛДІ:

Новотроицк ауылдық

округінің әкімі

_____ Б. Бокаев

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы
Новотроицк ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл
тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Новотроицк ауылының тұрғындары үшін	40
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Мағнай ауылының тұрғындары үшін	32
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Аққұдық ауылының тұрғындары үшін	18
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Жаңааул ауылының тұрғындары үшін	12
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Қайрак ауылының тұрғындары үшін	10
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің Подгород ауылының тұрғындары үшін	15

Мәслихаттың
2014 жылғы 29 сәуірдегі
№ 235 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы
Новотроицк ауылдық округінің бөлек
жергілікті қоғамдастық жиындарын
өткізудің қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Новотроицк ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Новотроицк ауылдық округі ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Новотроицк ауылдық округінің аумағындағы ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Новотроицк ауылдық округінің әкімі шақырады.

Қарабалық ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Новотроицк ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Новотроицк ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Новотроицк ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Новотроицк ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Новотроицк ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Новотроицк ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қарабалық аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Новотроицк ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.